**Қазақстан Республикасы**
**Түркістан облысы**
**Арыс қаласы**
**Дермене ауылдық округ әкімінің**

# Ө К І М І

**Дермене ауылы** **№ 03 н/қ** **05.01.2026 жыл**

**Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, қызметтер) тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 – бабының 3-тармағының 28-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 Бұйрығының 17-бөлімінің 3-параграфы 506-тармағын басшылыққа алып, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік сатып Заңының 5 бабында көрсетілген қағидаттарды негізге алып, осы Өкімнің №1 қосымшасына сәйкес, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырсын.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік веб-порталында шарт жасасу бойынша қолданыстағы Заңға сәйкес барлық қажетті жұмыстарды жүргізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын қамтамасыз ету Арыс қаласы «Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман – есепшісі А.Досжанова жүзеге асырсын.

3. Осы өкімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Дермене ауылдық округ әкімі** **А.Құрманхожаев**

**Дермене ауылдық округ әкімінің**
**2026 жылғы 05 қаңтардағы**
**№3 өкіміне 1-қосымша**

| **Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы** | **Қолдану негізі** | **Сатып алу мәнінің түрі (тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет, бағасы ҚҚС-мен)** |
|---|---|---|
| *Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету* | Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы | *Дермене ауылдық округі бойынша қауіпті емес қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) бойынша,* ауылдық округінің елді мекендерін санитарлық тазарту (қоқыс және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару) *қызметтері – 862,069 мың теңге* |
| *Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру қызметі* | Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы | *Аумақтарды жөндеу / абаттандыру бойынша жұмыстар. Арыс қаласы, Дермене ауылдық округіндегі көше бойын әктеу, сырлау қызметі - 862,069 мың теңге* |
| *Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету* | Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы | *Аумақтарды жөндеу / абаттандыру бойынша жұмыстар. Арыс қаласы, Дермене ауылдық округіне тас төсеу қызметі 4310,35 мың тг,.* |
| *Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру қызметі* | Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы | *Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру қызметі бойынша Дермене ауылдық округін жарықтандыру қызметі -4310,35 мың теңге,* |